

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебаттық турнирін (бұдан әрі – Турнир) өткізу ережелері Турнирдің мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Турнирдің мақсаты:

Елдегі қазіргі жағдайды талдау және қоғамдық талқылау арқылы жастардың саяси белсенділігі мен азаматтық жағдайын арттыруға ықпал ету.

3. Турнирдің міндеттері:

1) білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

2) қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

3) оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатысушылық сезімін қалыптастыру;

4) жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, қосымша білім беру педагогтерінің балалар мен жастарды өзекті қоғамдық саяси тақырыптарды талқылауға тарту, азаматтық көзқарастарын дамыту және конструктивті диалог пен пікірталасты жүргізу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын жандандыру;

5) оқушылар арасында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насихаттау, дебаттық клубтар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4. Турнирді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Турнирді өткізу уақыты мен орны

5. Турнирдің Республикалық кезеңі **2020 жылғы 25-26 ақпанда** Шымкент қаласында өткізіледі. Қатысушылардың келу уақыты – 24 ақпан, кету уақыты – 27 ақпан.

6. Қатысушылар туралы мәліметтерді көрсете отырып (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, телефоны, номинациясы, топ жетекшілерінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефондары) қосымшаға сәйкес облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған қатысу өтінімдері Турнир ұйымдастырушыларына **2020 жылғы 31 қаңтарға** дейін жіберіледі.

7. Өтінімге қоса мыналар тіркеледі:

1) Турнирдің облыстық және қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшілерінің Республикалық Турнирге қатысу үшін жолдау туралы білім басқармасы басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

3. Турнирге қатысушылар

8. Турнир екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – **өңірлік турнир:**

мектепішілік Турнир;

аудандық (қалалық) Турнир;

2) екінші кезең – **республикалық турнир.**

9. Турнирдің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары басшыларының бұйрығымен анықталады.

10. Мектепішілік Турнирлердің нәтижелері бойынша жоғары балл жинаған Командалар аудандық (қалалық) турнирлерге қатысады. Облыстық турнирлерге аудандық (қалалық) турнирлердің жеңімпаздары қатысады.

11. Республикалық Турнирге облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың деңгейлеріндегі Турнир жеңімпаздары – республиканың жалпы орта білім беру ұйымдарының 8-10 сыныптарының білім алушылары қатысады.

12. Республикалық Турнирге қатысушылардың саны: **119 адам** (әр өңірден **7 қатысушыдан** құралған команда: оның ішінде **6 білім алушы + 1 жетекші** (команда жаттықтырушысы). 2 қатысушыдан 3 команда,

командалардың қатысу тілі - қазақ және орыс тілдерінде міндетті түрде, үшінші команданың тілі - команданың қалауы бойынша.

13. Турнирді өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармалары анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

14. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттардың көшірмесі болуы тиіс:

білім алушылардың және топ жетекшілерінің Турнирдің облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша Турнирге қатысу үшін жолданғаны туралы білім басқарма басшысының бұйрығы;

қатысушылардың тізімі;

қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттары;

дәрігердің қолы және мөрімен расталған қатысушының денсаулық жағдайы туралы анықтамасы;

фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама;

қатысушылардың ата-аналарының нотариалды куәландырылған сенімхаттары.

4. Турнирді өткізу шарты және тәртібі

15. Турнирдің өңірлік кезеңдерін өткізу бойынша ұйымдастыру комитеттері Турнирді өткізу шарты мен тәртібін өз еріктерімен анықтайды.

16. Қарар – дебаттардың тақырыбы. Қарар кез-келген нәрсе болуы мүмкін: философиялық немесе саяси тұжырым, шығармадан үзінді, мәселе, саяси мәлімдеме, елдің даму тенденциялары мен бағыттары, жастардың туған елінің игілігі үшін шығармашылық және ғылыми әлеуетін іске асыру, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және көбейту.

Қарар кезекті раундтың басталуына 15 минут қалғанда жарияланады.

17. Ойын форматы: **Американдық парламенттік формат (АПФ) (2-қосымша)**. Командадағы спикерлер саны - екі адам.

18. Турнирдегі командалардың сөз сөйлеу реті қатысушылардың келу күні жеребе тастау арқылы анықталады.

19. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әр командасының киімдерінің ерекше элементтері болуы қажет: галстуктер, бас киімдер, жеңіл жейдедегі команда эмблемасы.

20. Ұйымдастыру комитеті командаларға жеребе өткізеді, дебаттарды өткізу уақытын бекітеді.

21. Негізгі төрешілікті студенттік дебаттық клубтардың дебатарлері қатарынан төрешілер командасы жүзеге асырады. Қосымша төрешілікті турнирдің бас төрешісінің шешімі бойынша команда жаттықтырушылары жүзеге асырады. Төрешілер алқасы ойынды үзуге ерекше құқығы бар, Турнирдің бас төрешісін таңдайды. Турнирдің бас төрешісінің дебат нәтижелеріне қатысты шешімі барлық төрешілердің нәтижелерімен тең ескеріледі.

Ойын барысында әр әділқазы мәліметтерді хаттамаға енгізеді. Әділ-қазылар коллегиясы ойын қорытындысын ойын аяқталған соң 10 минуттан кейін жариялайды. Бұған қоса, әділқазылар ойынға түсінік беруге міндетті емес.

Әр төреші командалардың спикерлері жинаған ұпай жиынтығы бойынша командалардың ойын нәтижесін анықтайды. Егер балдары тең болса, төреші нақты бағалау өлшемдеріне сәйкес жақсы нәтиже көрсеткен командалардың біреуін марапаттайды. Ойынның жалпы қорытындысы төрешілер алқасы командаға берген ұпай санына сүйене отырып шығарылады.

22. Төрешілік өлшемдері:

дәйектеме және сараптама (сендіре білуі, сенімділігі, дәйектердің нақтылығы);

мазмұны (шынайы өмірден алынған мысалдар мен дәлелдер т.б.);
терістеу;

сөз құрылымы (сөйлеу логикасы, сұрақтар қою мәнері, сөз сөйлеудің құрылымдылығы, сөз сөйлеудің әртүрлілігі және тереңдігі, нақты қателердің болмауы, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас);

стиль мен риторика;

ұтымды әзілдер қолдану;

сұрақтар (импровизаторлық ойлау, өткір сұрақ және ұтымды жауап);

топпен жұмыс.

23. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер командалық және спикерлердің жеке сынақтарында анықталады. Жеке раундта жеңіс үшін команда 1 ұпай алады, жеңіліс үшін - 0 ұпай.

Спикерлік сөз сөйлеулер 1-ден 30-ға дейін балдық жүйемен бағаланады. Сондай-ақ, дебатарлерге спикерлік баллдарға негізделген әрбір раунд үшін 1-ден 4-ке дейінгі дәреже қойылады.

Жинаған ұпайларға сәйкес әр тілдік лигадағы турнирдің үздік спикері анықталады.

24. Есептеу кестесін Бас төреші құрастырады.

АМЕРИКАНДЫҚ ПАРЛАМЕНТТІК ФОРМАТ

Америкалық парламенттік формат (АПФ) – бұл парламенттік тұрпаттағы дәйектердің, тапқырлықтың және риторикалық қасиеттердің сайысы. Әрқайсысы екі ойыншыдан тұратын екі команда – Үкімет пен Оппозиция қаралуға ұсынылған қарарды талқылайды. Әр раундқа жаңа қарар таңдап алынады. Пікірсайыс барысын палата спикері басқарады, сонымен бірге сайыстың төрешісі қызметін атқарады. Егер раундта бірнеше адам төрешілік етсе, онда олардың арасынан бір палата спикері таңдап алынады.

Американдық парламенттік формат дәл зерттеу мен дәлелдер жинауға емес, тез сыни ойлауға, логикалық ойлауға және сараптамалық талдауға негізделген.

Спикер және оның сөзі:

Премьер-министрдің (ПМ) конструктивті сөзі - 7 минут:

қарарды ұсынады;

өзінің кейсін нақты және айқын таныстырады;

кейсін бірнеше тәуелсіз дәйек арқылы қолдайды;

кейсті бірнеше тәуелсіз дәлелдер көмегімен қолдайды.

Оппозиция көшбасшысының конструктивті сөзі (ОК) – 8 минут.

оппозицияның философиясын ұсынады;

оппозицияның стратегиясын\контркейсін, тәуелсіз талдауды ұсынады;

үкіметтің дәйектерін терістейді.

Премьер-министр орынбасарының конструктивті сөзі (ПМО) - 8 минут:

қысқаша шолу жасайды;

оппозицияның тәуелсіз талдауына шабуыл жасайды;

үкімет кейсін қайта құрады/нығайтады.

Оппозиция көшбасшысы орынбасарының конструктивті сөзі (ОКО) - 8 минут

оппозиция философиясын қайта қарайды;

командалардың негізгі дәлелдерін жабады;

үкімет мүшесіне қарсы.

Парламенттен сөз сөйлеу (әр сөз сөйлеуге 2 минуттан, әр жақ үшін 3 сөз сөйлеуден артық емес);

Оппозиция Лидерінің сараптамасы (ОЛ) – 4 минут (жаңа дәйектерге тыйым салынған);

пікірталастың негізгі тақырыптарын айтып шығады;

жаңа мысалдардың көмегімен өзінің позициясын нақтылайды; үкімет пен Оппозиция позициялары арасындағы анық айырмашылықтарды көрсетеді;

көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия); қорытынды шығарады.

Премьер-министрдің (ПМ) талдауы – 5 минут (жаңа дәйектерге тыйым салынған);

раундтың қорытындысын шығарады;

раундтың негізгі және сыни кезеңдерін айтады;

жаңа мысалдардың көмегімен өзінің позициясын нақтылайды; үкімет пен Оппозиция позициялары арасындағы анық айырмашылықтарды көрсетеді;

көзқарастар қақтығысының нақты көріністерін береді (дихотомия); қорытынды шығарады.

Турнирдің қарары. Келтірілген қарар бойынша команда міндетті түрде өзінің кейсін Американдық парламенттік форматына (АПФ) сәйкес дайындау қажет.

Төрешілік өлшемдері.

Парламенттік пікірталастың негізгі өлшемі – сендіре білу. Басқа пікірталастың кейбір түрлеріндегідей топ тек қарсыластардың дәйекті жіберіп алғаны үшін, т.с.с. автоматты түрде жеңбейді. Төреші жеңісті ең жақсы пікірталасқан, презентация мен дәйектері сенімді шықты деп тапқан топқа береді. Кең және барлығын қамтитын өлшемдер болу керектігіне қарамастан, төреші назар аударатын бағалаудың бірнеше нақтылы аймақтары бар.

Дәйектеме және сараптама. Бұл – парламенттік дебаттың іргетасы. Тұжырымдар мен эмоцияға ғана жүгінетін топтан, тізбектелген, логикалық сараптама жүргізген топ сенімді жеңіске жетеді. Дәйектер нақты, сенімді әрі қарсыластардың құндылықтарымен қақтығысты қамтамасыз ететіндей болуы керек.

Мазмұны. Парламенттік дебат фактілер мен статистикаға негізделмесе де, шынайы өмірден алынған мысалдар мен дәлелдерді білу Сіздің позицияңызды нығайту үшін әрдайым көмектеседі. Сізді сараптау міндетінен құтқаратын тірек ретінде дәлелдерді қолданудың қажеті жоқ, дегенмен олар абстрактілі дәйектемені күшейту үшін қызмет ете алады.

Терістеу. Белгілі бір мәселеде өз көзқарасыңызды білдіру жеткіліксіз, қарсыластардың дәйектеріне тікелей қарсы тұрғаныңызға және сәтті қарсы тұрғаныңызға көзіңізді жеткізіңіз. Тағы да, раундта автоматты түрде жеңу не жеңілу үшін ұмытылып кеткен дәйек жеткіліксіз (егер бұл ең маңызды дәйек болмаса), бірақ сіз жеңгіңіз келсе, мықты **терістеудің мәні өте зор.**

Сөз құрылымы. Төрешілер дәйектері нақты белгіленіп ұсынылған сөзді жоғары бағалайды. Дәйектеменің әр түрлі сызықтары нақты бөлініп тұруы тиіс. Мұны дәйектерге сілтеме жасау арқылы істеуге болады (не басқа да технологияларды қолдануға болады). Ребатлда раундтың ең маңызды тұстарын қысқа әрі мықты қозғап, детальдарға тым беріліп кетпегені жөн.

Стиль және риторика. Дәйектерді ұсыну мәнерінің маңыздылығы дәйектердің өздерінен кем емес. Тізбектелген, нақты әрі сенімді сөз төрешілерге тиісті әсер етеді. Риториканың әртүрлі техникаларын қолдану сөзіңізге қуат беріп, презентацияларыңыз бұдан тек әрлене түседі.

Әзіл-сықақ. Әзіл – парламенттік дебаттың маңызды бөлігі, оны қолдану сөзіңіздің әсерін өсіре алады. Әзіл, орынды сарказм, күлкілі мысалдар мен анекдоттарды төрешілер жоғары бағалайды. Орынсыз қалжың, намысқа тиетін әзілдер мен асыра сілтеушілікті төреші бағаламайды. Ұтымды әзіл мықты құрал болуы мүмкін, төрешілер шешім қабылдар кезде мұны ескереді.

Сұрақтар. «Сұрақтарды» пайдаланған дебатер раунд бойы артықшылыққа ие болады. Өткір сұрақ қою мен оған тез әрі ұтымды жауап беру арқылы өзіңіздің суырып салма ойлау қабілетіңізді көрсетесіз, бұл қасиетті төрешілер жоғары бағалайды.

Командамен жұмыс. Дебатшылардан топтық жұмыс, бір-бірінің дәйектерін күшейту және раунд бойы философияны біртіндеп дамыту күтіледі. Өз әріптесіңізге қарама-қайшы келмеңіз, одан да ертерек енгізілген дәйекті кеңейтіп, өз әріптесіңізге мақсатқа жетуге көмектесіңіз.

Спикерлік ұпайлар. Раундқа берілген бағамен қатар төреші әрбір спикерге 1 ден 30 ұпайға дейін «спикерлік ұпай» береді. Өзінің атына қарамастан спикерлік ұпайлар тек спикердің стилистикалық қабілетіне ғана байланысты емес. Дәлірек айтқанда олар спикер көрсеткен дебаттың жалпы дәрежесін – дәйектеме, сараптама, терістеу стилі мен риторикасын қоса көрсетеді.

3-қосымша

Мектептегі дебаттық клуб қызметінің ережелері

1. Мектептегі дебаттық клубы қызметінің ережелері жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарында құрылатын дебаттық клуб қызметін реттейтін жергілікті нормативті құжат болып табылады.

2. Мектептік дебаттық клуб (бұдан әрі - Клуб) – «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени-білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысы негізінде құрылып, жалпымәдени, зияткерлік, зерттеушілік,

коммуникативті, шешендік, азаматтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған балалардың шығармашылық бірлестігі.

3. Мектептік дебаттық клуб білім беру ұйымы директорының бұйрығы негізінде құрылады. Мектептік дебаттық клуб қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

4. Мектептік дебаттық клубындағы іс-шаралар қыркүйек айында клубтың жалпы жиналысында қабылданады және мектеп директоры мақұлдаған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мектептік дебат клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Қағидаларды басшылыққа алады.

6. Мектептік дебат клубының қызметі жариялылыққа, ашықтыққа, әрбір мүшесінің пікірін ескеруге, мәселелерді еркін талқылауға, ұжымдық шешімдер қабылдау қағидаттарына негізделеді.

7. Мектептік дебаттық клубы әкімшілікпен, мектеп мұғалімдерімен, қосымша білім беру мұғалімдерімен және аймақтық дебаттық клубының жетекшілерімен өзара тығыз байланыс жасайды.

8. Мектептік дебат клубтарының жұмысының негізгі нысаны - мектепішілік дебаттық турнирлер ұйымдастыру және өткізу.

9. Мектепішілік дебаттық турнир Америкалық парламенттік формат (АПФ), Карл Поппердің және саяси пікірталас элементтері бар Дүниежүзілік мектеп ойындарының форматы (WSDF) бойынша жүргізіледі.

10. Клубтың жұмыс тілдері - қазақ, орыс тілдері. Клуб мүшелерінің халықаралық турнирлерге қатысу мүмкіндігін беру мақсатында дебаттық жаттығулар, ойындар, турнирлер, ағылшын тілінде жүргізіледі.

11. Дебаттың тақырыбы тұжырымдалуы нақты, талқылау үшін перспективалы, қатысушылар мен көрермендер үшін өзекті, маңызды мәселелері қамтуы тиіс, тезисті қарапайым «жоқ» деген демеулікті сөзді қосып қана қарма-қарсы тұжырымдама жасауға болатындай құру, командаларға сапалы аргумент ұсынуға теңдей мүмкіндік беру, зерттеу жұмысын ынталандыру, түрлі деңгейде талқылау мүмкіндігін беру қажет.

12. Мектептік дебаттық клубтар өз қызметін мектеп демалыстарын қоса алғанда, барлық оқу жылы ағымында іске асырады.

13. **Мектептік Дебат клубының мақсаты:** дебаттық турнирлер мен ойындар арқылы оқушыларды интеллектуалдық және тұлғалық дамыту.

14. Дебаттық клубының міндеттері:

Клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыру;

дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыру;

мектептің, өңірдің, елдің ең өзекті мәселелеріне қоғамның назарын аударту;

талқыланатын мәселелер бойынша іс жүзінде іске асырылуы мүмкін ықтимал ымыралы шешімдерді шығару, клуб мүшелерінің көзқарасын қорғауға, басқаларды сендіруге және олардың қателіктерін мойындау білігін дағдыландыру;

мектепішілік, аудандық (қалалық), облыстық, республикалық дебаттық турнирлерге, семинарларға, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың жалпыұлттық дебат қозғалысының ассоциациясының тренингтік бағдарламаларына қатысу үшін спикерлерді дайындау;

мектептік дебаттық клубтарының ойындарын дамыту және жетілдіру, жаңа форматтарды әзірлеу, апробациядан өткізу;

басқа дебаттық клубтармен белсенді және конструктивті өзара әрекеттесу;

қазақстандық және халықаралық дебаттық қозғалыстарды дамыту және нығайту.

15. Мектептік дебаттық клубының бағыттары:

белсенді тұлғаларды өзін-өзі тану үшін жағдай жасау;

оқыту сабақтарын ұйымдастыру;

командаларды қалыптастыру және олардың түрлі деңгейдегі турнирлерге қатысуын қамтамасыз ету;

сынып командалары арасындағы мектеп турнирлерін ұйымдастыру және өткізу;

мектеп, аудан, қала, облыстық және республикалық деңгейдегі тақырыптық турнирлерге қатысу;

клубтың беделді мүшелерін марапаттау;

оқушылардың дебаттық қозғалысына қатысуы;

«Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысының пікірсайыстарында тәуелсіз мектептен тыс турнирлер өткізу арқылы мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының дебаттық клубтарымен байланыс орнату және қолдау;

бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде ресми сайт арқылы мектеп пікірталас клубын насихаттау.

16. Мектептік дебаттық клубының құрылымы. Мектептік дебаттық клубының жоғарғы органы - жалпы жиналыс. Жалпы жиналыстың құзыретіне дебаттық ережелерін бекіту, президент (басшы)

сайлау, Бас төреші сайлау, мектептегі дебат клубына жаңа мүшелерді қабылдау жатады.

17. Жалпы жиналыс Мектептік дебаттық клубының қызметіне байланысты басқа да сұрақтарды шешуге құқылы. Мектептің дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысы, әдетте, президент (басшы) немесе Клубтың бас төрешісі арқылы шақырылады.

18. Клубтың мүшелерінің кем дегенде 50 пайызы оның отырысында қатысса, Жалпы жиналыстың шешім қабылдауға құқығы бар. Жалпы жиналыстың шешімі жиналысқа қатысқан мектептегі дебаттық клуб мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері мектептік дебаттық клубының барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

19. Жалпы жиналысты өткізу тәртібі, оның ішінде дауыс беру тәртібі, жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысының кандидатураларын жалпы жиналыстың өзі айқындайды. Жалпы жиналыста Президент (жетекші) төрағалық етеді, ол болмаған кезде - бас төреші. Жалпы жиналыстың шешімдері жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамалармен ресімделеді.

20. Клуб мүшелерінің ішінен президенттің (жетекшінің) және мектептік дебат клубының бас төрешісі жалпы жиналыста бір жыл мерзімге сайланады. Президенттің және Бас төрешінің сайлауы әр жылдың мамыр айында өткізіледі.

21. Төраға (бас төреші) кезектен тыс сайлау өткізіледі, егер президент (бас төреші) өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыра алмаса немесе Клуб мүшелерінің кем дегенде 50% -ы бастамаса.

22. Клубтың кез-келген мүшесімен президент лауазымына және бас төрешіге кандидаттар ұсынылуы мүмкін.

23. Жалпы жиналысқа қатысқан Клуб мүшелерінің қарапайым көпшілігі өз кандидатурасын қолдаса, президент (бас төреші) сайланды деп есептеледі. Клуб мүшелерінің дауыстар тең болған жағдайда, президенттің (басты төрешінің) кандидатурасын ұсыну үшін сайлаудың екінші айналымы өткізіледі.

24. Клубтың президенті (бас төреші) Клубтың жаңа президентінің (бас төрешісінің) нақты сайланғанға дейін өз өкілеттігін сақтап қалады.

25. **Мектептік дебаттық клубының президентінің (жетекшісі) міндеттері:**

мектептік дебаттық клубының атауы мен белгілері туралы шешім;
жұмыс жоспарын әзірлеу, келісу және бекіту;
дебаттық форматтарды үйрету;
оқытудың белсенді топты және жеке түрлерін жүргізу: семинарлар, тренингтер, пікірсайыстар, рөлдік ойындар, турнирлер;
ағымдағы қызметті жүргізу;

клуб мүшелерін мектепішілік, аймақтық, ұлттық және халықаралық турнирлерге дайындау;

мектептік дебаттық клубының қызметімен байланысты мәселелер бойынша педагогикалық қызметкерлердің мүшелерімен өзара әрекеттесу;

оқу жылында кемінде 2 рет жалпы жиналыстарды өткізу;

мектептік дебаттық клубының іс-шараларын өткізу;

мектептік дебаттық клубының портфолиосын құру (аудио, видео және фото материалдар);

әр түрлі іс-шараларда, соның ішінде басқа ұйымдар өткізетін мектеп дебаттық клубының тұсаукесері;

мектептік дебаттық клубының қызметі туралы ақпарат;

жинақталған жұмыс тәжірибесін қорыту;

ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескере отырып, дебаттың жалпы принциптеріне негізделген ойын форматтарын дамыту;

мектепішілік турнирлерді өткізу кезінде ойыншылардың сөйлеу тәртібі мен ережелерін анықтау;

мектептегі дебат клубының үздік мүшелерін көтермелеу туралы мектеп директорына ұсыныстар дайындау;

клубтармен, студиялармен және зияткерлік-сауық бейініндегі қауымдастықтарымен өзара әрекеттесу;

мектептік дебат клубының қызметі туралы ағымдағы және жылдық ақпаратты дайындау.

26. Мектептік дебат клубының бас төрешісінің міндеттері:

тренингтарды өткізу үшін тақырыптарды таңдау;

іскерлік ойындарды өткізу үшін тақырыптарды таңдау;

мектеп дебат клубының өткізетін барлық жарыстарында төрешілік ұйымдастыру және өткізу.

27. Мектептік дебат клубына мүшелік. Мектептік дебат клубына кіру дебат қозғалысының идеяларын өз еркімен қабылдайтын жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының барлық оқушылары мен мұғалімдері үшін ерікті болып табылады;

28. Мектептік дебат клубының мүшесі болу үшін Клубтың Президентіне Клубқа қосылуға өтініш жазып, тиісті шешім Клубтың жалпы жиналысында қабылданады;

29. пікірсайыстарға, турнирлерге, форумдарға қатысу үшін мектептік дебат клубының мүшелері топ болып бірлеседі;

30. клубтың Президентіне өтініш беру арқылы немесе Клубтың мүшесі ретінде қатысуын тоқтатуына байланысты бір жыл ішінде мектептегі дебат клубында мүшеліктің тоқтатылуы іс жүзінде болуы мүмкін.

31. Мектептік дебат клубының әрбір мүшесі құқылы:

мектептік дебат клубының мүшелері шешуші дауыс беру құқығы бар жалпы жиналыстарға қатысу;
 мектептік дебат клубының кез келген іс-шараларына қатысу;
 мектептің жетекшісімен келісіп, әр түрлі дебат турнирлерінде Мектеп дебат клубын ұсынуға;
 мектептік дебат клубының қызметі туралы ұсыныстар енгізу, оларды талқылауға және іске асыруға қатысу;
 мектептік дебат клубының қызметі туралы ақпарат алу;
 мектептік дебат клубының мүшелігінен ерікті түрде шығуға;
 мектептік дебат клубының үйлестіру органдарына сайлау және сайлану.

32. Мектептік дебат клубының әрбір мүшесі келісуге міндетті:

нақты Ереже;
 мектептік дебат клубының және оның мүшелерінің қызметін реттейтін басқа да ережелер;
 мектептік дебат клубының басқа мүшелерін құрметтеу;
 мектептік дебат клубының жұмысына белсенді қатысуға, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге;
 мектептік дебат клубы мүшелерінің жалпы жиналысының барлық шешімдерін орындауға;
 мектептік дебат клубы мүшелерінің кездесулеріне уақтылы қатысу;
 осы Ережелерді бұзатын әрекеттер, ұжымдық қатынастардың этикасы, сондай-ақ Клубқа моральдық немесе материалдық зиян келтіретін әрекеттер жасауға болмайды.

33. Мектептік дебат клубтарының қызметін басқару. Мектептік дебат клубтарын басқарушы орган - мектептік дебат клубтарының қызметін үйлестіру мақсатында облыстық (қалалық, аудандық бөлімдер) білім басқармалары құрған **өңірлік дебат клубы** болып табылады.

34. Өңірлік (мектепшілік, аудандық, қалалық) (республикалық деңгейде қалалар үшін) деңгейінде өтетін мерзімі: (қыркүйек-сәуір).

35. Облыстық (мектепшілік, аудандық, қалалық, (республикалық деңгейде қалалар үшін) жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары ұйымдастырушылар болып табылады.

36. Өңірлік дебат клубының міндеттері:

өңірдегі мектеп дебат клубтарының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселелерін шешу;
 мектептік дебат клубтарын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау;
 мектептік дебат клубтарының заңды түрде жұмыс істеуін бақылау, сондай-ақ пікірсайыстар мен негізгі ережелердің негізгі принциптерін сақтау;
 мектептік дебат клубтарының тиімділігін арттыру бойынша қажетті шараларды әзірлеу;
 өңірлік ойындар, турнирлер үшін тақырыптарды таңдау және бекіту;

мектептік дебат клубтары үшін өткізілетін барлық жарыстарда төрешілікті ұйымдастыру және өткізу;

білім мен дағдыларды алмасу жүйесін құру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

өңірлік турнирлерді, ойындарды өткізу туралы сұрақтарды шешу; турнирлерді өткізу және негізгі қызметті ұйымдастыру үшін қажетті қаржыландыру көздерін тарту мәселелерін шешу;

халықаралық деңгейлерде, республикалық, өңірлік турнирлерде, мектеп дебат клубтарының командаларын ұсыну.

Турнирдің өңірлік (мектепішілік, аудандық (қалалық), өңірлік) кезеңдері үшін болжамды дебат тақырыптары

1. Бұл палата әскери борышты өтеуді патриотизм деп есептейді.
2. Бұл палата пацифизмге сенеді.
3. Бұл палата патриотизмнің жоғары деңгейі ұлттың жоғары деңгейде бәсекеге қабілеттілігінің кепілі деп есептейді.
4. Бұл палата Қазақстандық патриотизмді аңыз деп ойлайды.
5. Бұл палата Отандық өндірісті қолдайды.
6. Бұл палата Қазақстандағы балалар құқықтарының сақталуын мемлекеттің жоғары деңгейде даму белгісі деп санайды.
7. Бұл палата білімді болуды тәрбиеліліктің ең жоғары шегі деп есептейді.
8. Бұл палата қазіргі заманғы бағалау жүйесі БЖБ және ТЖБ-ны қолдайды.
9. Бұл палата волонтер болуды мейірімділіктің, адамгершіліктің, білімділіктің белгісі деп есептейді.
10. Бұл палата волонтер болуды қоғамға риясыз пайда әкелу деп ойлайды.
11. Бұл палата волонтердің еңбегі ақыс төлену керек деп есептейді.
12. Бұл палата жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды жарқын болашақтың кепілі деп есептейді.
13. Бұл палата академиялық адалдықты мектепте қалыптастыру қажет деп есептейді.
14. Бұл палата ой, сөз және іс бірлігінің сәйкестігі саналы азаматтың белгісі деп есептейді.
15. Бұл палата туған елде тұрып, жұмыс істеуді дарынды жастардың таңдауы деп есептейді.
16. Бұл палата Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан үлкен жетістіктерге жетті деп ойлайды.
17. Бұл палата қоғамдық жұмыстар мектепте міндетті түрде болуы тиіс деп санайды.

18. Бұл палата тарихты білу оқушылардың дүниетанымын байытады деп есептейді.

19. Бұл палата барлық мектептер оқушыларды музыкалық және көркем біліммен қамтамасыз етуі тиіс деп есептейді.

20. Бұл палата балаларға қандай мамандық таңдау қажеттігін ата-аналар шешуі тиіс деп есептейді.

21. Бұл палата көшбасшыдан гөрі ізбасар болу жақсы деп есептейді.

22. Бұл палата әскери күшке қарағанда білім беру мен денсаулық сақтаудың сенімді жүйесін дамыту ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз етеді деп есептейді.

23. Бұл палата біз әже-аталарымыздан артық жақсы өмір сүреміз деп есептейді.

24. Бұл палата өз халқының мәдени мұрасын сақтауды әр азаматтың парызы деп есептейді.

25. Бұл палата қазақ әліпбиінің кириллицадан латын әліпбиіне көшуін қолдайды.

26. Бұл палата баланы тәрбиелеу жауапкершілігі ата-аналарға жүктеледі деп есептейді.

27. Бұл палата заманауи әлемде адамдарға рухани құндылықтар жетіспейді деп есептейді.

28. Бұл палата жастар үшін ауылдық жерлерде жағдай жасау қалалық жерлерге қарағанда тиімді деп есептейді.

29. Бұл палата ата-аналардың тұрақты жұмысбастылығы баланы отбасында тәрбиелеуде қиындықтарға алып келеді деп есептейді.

30. Бұл палата әлеуметтік желілер отбасының өзара қарым-қатынасына кедергі келтіреді деп есептейді.

31. Бұл палата ата-аналарда өз балаларының әлеуметтік желілердегі парақшаларына кіру мүмкіндігі болу керек деп есептейді.

32. Бұл палата қала экологиясы арнайы ұйымдардың мәселесі деп есептейді.

33. Бұл палата экологиялық сауаттылық, табиғатты қорғау адамзаттың борышы деп есептейді.

34. Бұл палата атом электр станциялары адамзатқа зиян келтіреді деп есептейді.

35. Бұл палата хайуанаттар бағында және цирктерде жануарларды пайдалануға тыйым салу керек деп санайды.

36. Бұл палата оқушылардың қаржылық сауаттылығын қолдайды.

37. Бұл палата генетикалық модификацияланған өнімдерді өндіруге тыйым салу қажет деп санайды.

38. Бұл палата мектептер слэш-адамдарды, полиматтарды және мультиэлеуетті адамдарды дайындау керек деп санайды.

39. Бұл палата қазіргі жастар бір мамандыққа бағытталмауы тиіс деп санайды.

40. Бұл палата қосымша білім беру жүйесі мультиәлеуетті адамдарды қалыптастыруға жағдай жасайды деп санайды.

41. Бұл палата заманауи мектеп көп қырлы және ұтқыр азаматтарды қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасайды деп санайды.

42. Бұл палата өмір бойы білім алуды қажеттілік деп санайды.

43. Бұл палата балалардың сыни ойлауын, алынған ақпаратты талдау және тиімді пайдалану қабілетін қалыптастыруды уақыт талабы деп есептейді.

44. Бұл палата интернетті зияткерлік тұлғаны қалыптастыру құралы деп санайды.

45. Бұл палата ауылдық елді мекендерді цифрландыру жағдайы қаламен салыстырғанда төмен деңгейде деп санайды.

46. Бұл палата болашақта жоғары білім адамның қаржылық табысының қажетті алғышарты болмайды деп санайды.

47. Бұл палата заманауи адамдар тікелей қарым-қатынасқа қарағанда әлеуметтік желіні көбірек қолданады деп санайды.

48. Бұл палата жарнама адамдардың жасанды қажеттіліктерін тудырады деп санайды.

49. Бұл палата танымал тұлғалар еліктеу үшін үлгі болмауы тиіс деп санайды.

50. Бұл палата жекеменшік мектептер мемлекеттік мектептерден әлдеқайда жақсы деп санайды.

51. Бұл палата жасанды интеллект қауіпті деп санайды.

52. Бұл палата роботтар адамдардың өмір сүру сапасын арттырады деп санайды.

53. Бұл палата бизнес үдерістерді автоматтандыру, роботтандыру және цифрландыру халықтың жұмыссыздығына әкеледі деп санайды.

54. Бұл палата электрондық кітапханалар адамзаттың тарихи-мәдени мұрасының құнсыздануына әкеледі деп санайды.

55. Бұл палата әрбір адамға арналған электрондық деректер банкі жаппай бақылауға және адам құқықтарының бұзылуына әкеледі деп санайды.

56. Бұл палата киберқауіпсіздік біздің деректер базасын қорғайды деп санайды.

57. Бұл палата теледидар біздің қоғамымызға зиянды әсер етеді деп санайды.

58. Бұл палата полимәдениеттілік пен көптілділікті дамыту толерантты азаматты тәрбиелеуге әсер етеді деп санайды.

59. Бұл палата қоғамда және қоғамдық орындарда жалпы қабылданған тәртіп нормаларына бағыну қажет деп санайды.

60. Бұл палата қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажет деп санайды.

61. Бұл палата ЭКСПО индустриялық және технологиялық дамудың қозғаушы күші деп санайды.

62. Бұл палата болашақта шет тілдерін меңгерудің қажеті жоқ деп санайды.

63. Бұл палата сапалы медициналық қызмет тегін болуы тиіс деп санайды.

64. Бұл палата міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру сапалы медициналық қызметтерге кепілдік береді деп санайды.

65. Бұл палата балалардың денсаулығын сақтау және нығайту дағдыларын қалыптастыру қажет деп санайды.

66. Бұл палата адамның дұрыс тамақтануы - тренд емес, денсаулық кепілі деп санайды.

67. Бұл палата кәсіби спорт спортшының денсаулығы мен психикасын құртады деп санайды.

68. Бұл палата ата-аналар балаларымен бірге спортпен айналысуы тиіс деп санайды.

69. Бұл палата қайтыс болғаннан кейінгі донорлықты қолдайды.

70. Бұл палата өлім жазасы қылмыс деңгейін төмендетеді деп сенеді.

71. Бұл палата туризм елге пайдасынан гөрі көп зиян келтіреді деп санайды.

72. Бұл палата буллингтің алдын алу нысаны ретінде медиацияны қолдайды.

73. Бұл палата мектептегі психологиялық қызметті мектеп экожүйесіндегі преморбидті жағдай ретіндегі буллингтің превенциясы болып табылады деп санайды.

3-бөлім. «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бейнелеу қызметіндегі, сәндік-қолданбалы өнердегі шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметтерін ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік оңалту.

2. Міндеттері:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық әлеуетін ашу;

2) байқау қызметіне қосу арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыру;

3) өз бетінше жұмыс істеуді, жұмысқа деген шығармашылық және дара тәсілді дамыту;

4) көркем-эстетикалық талғамды дамыту және жас шеберлерді қазақ халқының мәдениеті мен өнерінің үздік үлгілеріне араластыру;

5) балалардың бойында патриотизм сезімін, ұлттық мәдениетке, Қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеу және ықыласпен қарау көзқарасын тәрбиелеу;

6) олардың өзін өзі таныту және өзін өзі іске асыру құралы ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қызметіне деген қоғамның назарын аударту;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қызметін ақпараттық кеңістікте насихаттау;

8) сәндік-қолданбалы өнері, бейнелеу өнері, көркемдік қолөнер құралдарымен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық өзін-өзі танытуына, әлеуметтік бейімделуіне қолайлы жағдай туғызу;

9) балалардың зияткерлік әлеуетін, қиялын және көркемдік шығармашылығын дамыту және ынталандыру.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2-тарау. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау жұмыстары электронды түрде ospn2020@bk.ru электронды поштасына 2020 жылғы 14 қаңтардан 17 ақпанға дейін қабылданады.

2020 жылғы 17 ақпаннан кейін түскен, сондай-ақ, талаптарға сәйкес келмейтін Байқау жұмыстары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, олардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары 2020 жылғы 28 ақпанда www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

5. Ұйымдастырушылар Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар міндетті түрде әлеуетті қатысушыларды Байқауды өткізу мерзімі мен қорытындысын орналастыру мерзімі туралы www.ziyatker.org → Республикалық Online байқаулар → «Шексіз шығармашылық» байқауы → әрі қарай сілтемесі арқылы ақпараттандырған жағдайда Байқауды өткізу мерзімін созуы мүмкін.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау

материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін osrn2020@bk.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтінім;
- 2) электронды түрде байқау жұмысы;
- 3) аурудың диагнозы туралы анықтаманың көшірмесі.

3-тарау. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

8. Байқауға келесі санаттағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қатысады:

- көру қабілеті бұзылған;
- есту қабілеті бұзылған;
- сөйлеу қабілеті бұзылған;
- тірек-қимыл аппараты бұзылған;
- зияткерлігі бұзылған;
- аутистік спектрі бұзылған;
- психикалық дамуы тежелген.

9. Балалардың жас санаты:

кіші: 7-10 жас;

орта: 11-14 жас;

жоғары: 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі.

1. «Қазақстан – менің алтын бесігім» суреттер байқауы.

Байқауға бейнелеу өнерінің түрлі техникасында, кез-келген материалда, кез-келген құралмен (кескіндеме, графика, компьютерлік графика және т.б.) орындалған суреттер немесе өзара мағынамен байланысқан суреттер желісі қабылданады.

Суреттер түпнұсқаны сканерден өткізу немесе фотоға суретке түсіру, немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электронды көшірме (графикалық файлдар) түрінде қабылданады. Суреттің төменгі оң бұрышында автордың аты, жөні, жасы нақты көрінетін жазуы болуы тиіс.

Файлдың өлшемдері: jpg немесе png форматы. Қосымша материал ретінде суретті салу процесін сипаттайтын фотосуреттер ұсынылады. Міндетті түрде мәтіндік түсіндірмесі болуы керек: жұмыстың аталуы, орындау техникасы, қажет болған жағдайда – мазмұнына түсініктеме.

Байқау жұмыстарының тақырыбы – еркін.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) байқаудың тақырыбы мен номинациясына сәйкестігі;
- 2) жұмысты орындау сапасы мен шеберлігі;
- 3) түпкі ойдың және орындауының ерекшелігі;

4) орындауының көркемдік деңгейі (безендіру элементтерінің дизайны, түстік үйлесімі, композициялық шешімінің сапасы);

5) жұмыстың эмоциялық әсері.

Әр қатысушыдан бір шығармашылық жұмыс қабылданады. Байқауға ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

2. «Алтын қолдар» сәндік-қолданбалы өнер байқауы.

Қатысу үшін дайын жұмыстардың фотосуреттері қабылданады:

1) «Жарамсыз материалдардан жасалған бұйымдар»;

2) «Табиғи материалдардан жасалған бұйымдар»;

3) «Кәдесыйлар мен сыйлықтар»;

4) «Қуыршақтар мен ойыншықтар»;

5) «Ермексаздан жасалған керемет дүниелер».

Байқауға қатысу үшін кез-келген техникада, оның ішінде аралас, кез-келген материалдан, кез-келген құралмен (коллаж, ермексаз, табиғи материалдар және т.б.) орындалған жұмыстардың фотосуреттері қабылданады.

Жұмыстар түпнұсқаны сканерден өткізу немесе суретке түсіру арқылы электронды көшірме (графикалық файлдар) түрінде қабылданады. Файлдың өлшемдері: jpg немесе png форматы.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

1) шеберлік деңгейі, таңдап алған техникасын меңгеруі;

2) бұйымның эстетикалық түрі (бұйымды сәндеу);

3) бұйымның стильдік, көркемдік және бейнелік шешімінің тұтастығы;

4) түпкі ойдың ерекшелігі, оның көркемдік түрленуі;

5) халықтық дәстүрлерді, амалдарды қолдануы.

Әр қатысушыдан бір шығармашылық жұмыс қабылданады. Байқауға ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

3. «Қиял-ғажайып әлемі» өз өлкесінің, өз отбасының және т.б. болашағы туралы ертегілер, әңгімелер байқауы.

Байқауға қатысушылар ертегілер, әңгімелер ұсынады. Байқауға қатысу үшін көлемі кемінде 0,5 бет және 1,5 беттен аспайтын тек өздері шығарған жұмыстар қабылданады. Форматы А4, MS Word, қаріпі Times New Roman, кегль 14, бір жарым аралық, барлық жиектері - 2 см. Байқауға әдеби туындыны баяндайтын шығармалар қабылданбайды.

Шығармашылық жұмысты ресімдеу кезінде суреттерді, фотосуреттерді, сәндік өрнектерді қолдануға рұқсат беріледі. Шығармашылық жұмыс электронды форматта қабылданады: мәтіндік редакторде ертегінің мәтіні, JPG форматында суреттер ұсынылады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

1) байқаудың ұсынылған тақырыбына сәйкестігі;

2) сюжеттің ерекшелігі;

3) логикасы, баяндау реті;

- 4) тілдің көркемдік құралдарын меңгеруі;
- 5) мазмұнның сауаттылығы, тіл нормаларын сақтау.

Әр қатысушыдан бір шығармашылық жұмыс қабылданады.

Байқауға ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

11. Байқау жұмысының титул парағында келесі көрсетіледі:

- облысы, аудан (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;
- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- e-mail, байланыс құралдары;
- жетекшісінің лауазымы және жұмыс орны.

12. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

Байқауға бұрын өткізілген байқауларға қатыспаған жаңа туындылар қабылданады.

4-тарау. Байқауды қорытындылау

13. Байқаудың қорытындысы бойынша әділқазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

14. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар беріледі. Байқау жұмыстары жас санаттары бойынша бағаланады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <https://www.ziyatker.org/respublik-distan-internet-konkurs> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

Қатысушының өтінімі

Қатысушының тегі, аты, жасы	Облыс, аудан, қала (ауыл), үй мекен-жайы, ұялы телефоны, электронды поштасы	Білім беру ұйымы (атауы) немесе үйде оқуы	Байқаудың, номинацияның, жұмыстың атауы	Педагогтің немесе ата-ананың Т.А.Ж. (толық), лауызымы және жұмыс орны	Педагогтің немесе ата-ананың байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)
1	2	3	4	5	6